

БЕКІТЕМІН

**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректоры
проф. Н.О. Дулатбеков**
« » 202. ж.

**«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды
ұйымдастыру және өткізу регламенті**

(30.11.2022 ж. өзгерістермен, Ғылыми кеңестің №7 хаттамасы)

1. Осы регламент бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының барлық студенттері үшін міндетті болып табылатын «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

2. МЕК өткізу мерзімі мен форматы

2.1 Білім алушылар оқу аяқталғаннан кейін сол академиялық кезеңде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады.

2.2 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан өткізу түрлері: 1) нәтижелерін сканерлік өңдей отырып, қағаз тасығыштарда тестілеу; 2) қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, қашықтықтан тестілеу; 3) университет базасындағы компьютерлік технологияларды қолданумен.

2.3 Қашықтықтан тестілеу түріндегі «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып әзірленген нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

2.4 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды нәтижелерін сканерлік өңдей отырып, қағаз тасығыштарда тестілеу түрінде өткізу үшін студент тест тапсырмасының нұсқасын (сұрақнама) және жауап парағының бланкісін алады. Жауап парағының бланкісінде студенттің тегі мен аты-жөнін, мемлекеттік емтиханды тапсыру күнін, мамандық шифрін, оқу нысаны мен тілін, курсты, студенттің жеке кодын, сұрақнама нұсқасының нөмірін, тест тапсырмасының нөмірін және жауап нұсқасын толтыруға арналған жолдар болады.

2.5 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды техникалық қолдауға Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар орталығы жауапты болады.

2.6 Тестілеу рәсіміне бөлінген уақыт нормалары ішкі «Қорытынды аттестаттау шеңберінде білім алушыларды кешенді тестілеу регламентінде» айқындалған.

3. МЕК бағдарламасы мен тапсырмалары

3.1 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан өткізу үшін Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасы:

- үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқытудың барлық нысандары мен білім беру бағдарламалары үшін бірыңғай оқу жұмыс бағдарламасын;
- ішкі «Тест тапсырмаларын әзірлеу регламентіне» сәйкес тест тапсырмаларын әзірлейді.

3.2 Тест тапсырмаларының сапасына және оларды уақтылы дайындауға әзірлеушілер, Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының меңгерушісі, тарих факультетінің деканы жауапты болады.

4. Мемлекеттік емтихан комиссиясы

4.1 Мемлекеттік емтиханды өткізу үшін тарих факультетінің деканы мен Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасы меңгерушісінің ұсынысы негізінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен мемлекеттік емтихан комиссиясы бекітіледі.

4.2 Мемлекеттік емтихан комиссиясы төрағаны, мүшелерді, дауыс беру құқығы жоқ хатшыны қамтуы тиіс. Төрағаны қоса алғанда, дауыс беру құқығы бар комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ мәнге ие болуы тиіс.

4.3 Мемлекеттік комиссияның құрамына деканды қоспағанда, тарих факультетінің оқытушылары кіруі тиіс.

4.4 Мемлекеттік емтихан комиссиясы емтиханды өткізу барысын бақылауды жүзеге асырады, тестілеу рәсімдерінің, академиялық адалдық қағидаттарының, тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ емтихан басталардан бұрын білім алушыларды бағалаумен келіспеген жағдайда апелляцияға беру мүмкіндігі туралы ауызша хабардар етеді.

4.5 Мемлекеттік комиссияның отырысы академиялық күнтізбеге сәйкес Академиялық жұмыс департаменті әзірлейтін кесте бойынша жүзеге асырылады және оны университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры емтихан басталардан бір апта бұрын, кешіктірмей бекітеді.

4.6 Мемлекеттік емтихан аяқталғаннан кейін Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы оның жұмысы туралы есеп әзірлейді және ол университеттің Ғылыми кеңесі отырысында бекітіледі.

5. Емтихан нәтижелерін бағалау

5.1 Мемлекеттік емтихан нәтижелері білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

5.2 Қорытынды баға жіберу рейтингісінің бағасын және мемлекеттік емтихан бағасын ескере отырып қойылады. Мемлекеттік емтиханға жіберу рейтингісінің бағасы пән бойынша білімнің қорытынды бағасының кемінде 40%-ын құрайды.

5.3 Мемлекеттік емтиханда «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасын алған жағдайда студент келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қайта баруға жазылады, ақылы негізде сабақтарға қатысады, ағымдық бақылау талаптарын орындайды, рұқсат алады және мемлекеттік емтиханды қайта тапсырады.

5.4 Мемлекеттік емтиханда «ФХ» («қанағаттанарлықсыз») бағасын алған жағдайда студент мемлекеттік комиссия жұмысы кезеңінде және жазғы семестр кезеңінде оқу пәнінің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыруға мүмкіндігі бар.

6. Алынған нәтижелердің апелляциясы

6.1 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу кезеңінде бірыңғай талаптарды сақтау және студенттердің білімін бағалаудың даулы мәселелерін шешу мақсатында апелляцияларды қарау жөніндегі комиссия құрылады.

6.2 Апелляцияның бастамашысы мемлекеттік емтиханның нәтижесімен келіспеген білім алушы болуы тиіс.

6.3 Мемлекеттік емтихан нәтижесімен келіспеген білім алушы нәтижелер жарияланғаннан кейін МЕК өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей апелляциялық комиссия төрағасының атына өтініш бере алады.

6.4 Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен тарих факультетінің деканы басшылық жасайтын апелляциялық комиссия құрамы бекітіледі. Апелляциялық комиссияның мүшелері мемлекеттік емтихан комиссиясының құрамына кірмеген тарих факультетінің оқытушылары болуы тиіс.

6.5 Апелляцияға келесі жағдайлар негіз болып табылады:

- тест тапсырмалары дұрыс тұжырымдалмаған;
- тест тапсырмаларының дұрыс жауабы жоқ;
- тест тапсырмалары «Қазақстан тарихы» пәнінің үлгідік және оқу жұмыс бағдарламасынан тыс;
- техникалық себептерге байланысты.

6.6 Апелляция туралы өтініш берілген күні қаралуы тиіс.

6.7 Өз функцияларын орындау мақсатында апелляциялық комиссия Ақпараттық технологиялар және телекоммуникация орталығынан қажетті құжаттар мен мәліметтерді, оның ішінде студенттердің жауап бланкілерін сұратуға және алуға құқылы.

6.8 Апелляциялық комиссияның шешімі комиссияның тізімдік құрамының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы. Комиссия жұмысы хаттамамен ресімделеді, оған төраға және апелляциялық комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Апелляция нәтижелері апелляциялық ведомосқа енгізіледі.

7. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру нәтижелері оны тапсыру көзделген емтихан сессиясының қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

8. Осы регламентке өзгерістер енгізу университеттің академиялық еркіндік шекарасындағы рәсімдерді жетілдіру мақсатында Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректормен келісілгеннен кейін немесе Қазақстан тарихы бойынша мемлекеттік емтихан ұйымдастыруға байланысты ҚР БҒМ жаңа талаптар енгізуіне байланысты Академиялық

жұмыс департаментінің бастамасымен жүзеге асырылады. Өзгертілген регламентті университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры бекітеді.

Жауап парағының бланкісі

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТІХАН
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЭКЗАМЕН ПО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА**

Факультет: _____ Тегі: _____ Фамилия: _____ Аты: _____ Имя: _____	Оқу тілі: <input type="checkbox"/> Қазақ <input type="checkbox"/> Орыс/Рус Дық обумения: <input type="checkbox"/> Қазақ <input type="checkbox"/> Орыс/Рус Курс: <input type="checkbox"/> 1 <input type="checkbox"/> 2 <input type="checkbox"/> 3 <input type="checkbox"/> 4
---	---

Студенттің жеке коды: _____
 Индивидуальный код студента: _____
 Нуққа: _____
 Барып: _____

Тех. қатшының қолы: _____
 Подпись тех. секретаря

Белгі толтыру үлгісі:
 Образец заполнения метки

Ж А У А П П А Р А Г Ы								Л И С Т О Т В Е Т А							
№	А	В	С	Д	Е	Ғ	Н	№	А	В	С	Д	Е	Ғ	Н
1	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	16	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	17	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
3	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	18	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
4	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	19	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
5	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	20	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
6	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	21	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
7	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	22	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
8	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	23	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
9	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	24	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	25	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
11	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>								
12	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>								
13	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>								
14	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>								
15	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>								

Студенттің коды: _____
 Подпись студента

Талқылау күні: _____
 Дата сдачи: _____